

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 73 "2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 257 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қарашада № 5244 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17583 тіркелген "Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары– Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 408 бұйрығына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 73 "2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5022 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 13 мамырында жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының "2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері" қосымшасы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Қ. Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ.Қ. Айтмұхаметов

Ә.Е. Тұрғымбеков

Ж.Е. Аманбаев

Ө. Шөкеев

С.А. Қалқаманов
 М.И. Мырзалиев
 Ұ.Қ. Тәжібаев
 А.А. Абдуллаев
 А.Б. Тасыбаев

"Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 73 "2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылғы "___" _____ № _____ қаулысына

Түркістан облысының әкімі

У. Шукеев

Түркістан облысы
 әкімдігінің 2019 жылғы "2"
 мамырдағы № 73 қаулысына
 қосымша

Түркістан облысы
 әкімдігінің 2019 жылғы
 "13" қарашадағы № 257
 қаулысына қосымша

2019 жылға акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімділігін және өнім сапасын арттыруға субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидия көлемі	Акваөсірудің (балық өсіру шаруашылығы) 1 (бір) килограмм өнімін өндіруге жұмсалатын азық нормативі, килограмм	1 (бір) килограмм акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өніміне жұмсалған шығынға шаққанда балық азығына бөлінетін субсидиялар сомасы , теңге	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	Бекіре және оның буданы	тонна	22,2	1,5	285	9 504,3
2	Албырт және оның буданы	тонна	130,0	1,2	270	42 120,0
3	Тұқы және оның буданы	тонна	666,9	4	105	280 115,7
	Барлығы					331 740,0